**Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау , есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 300 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда № 11427 тіркелді.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 215-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (Э.К. Өтепов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрі* *Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
______________ Б. Имашев
2015 ж. 23 маусым
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің

Төрағасы міндетін атқарушы
_____________ К. Кожахметов
2015 ж. 14 мамыр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 12 мамырдағы
№ 300 бұйрығымен
бекітілген

**Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 215-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сақтау және өткізу тәртібін бекітеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен қысқартулар:

1) алғашқы баға – бағалаушының бағалау туралы есебі негізінде комиссия белгілейтін баға;

2) арнайы байланыс қызметі – Ұлттық почта операторының республикалық арнайы байланыс қызметі;

3) асыл тастар – табиғи алмастар, зүбәржаттар, лағылдар, сапфирлер және александриттер, сондай-ақ шикі (табиғи) және өңделген түрдегі табиғи меруерт және бірегей жақұт қосылымдары;

4) асыл тастардың, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдардың сараптамасы (бұдан әрі – сараптама) – асыл тастарды сәйкестендіруді және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдардағы бағалы металдарды сынамалауды, сынамалау таңбалары бедерлерінің төлнұсқалығын тексеруді қамтитын, уәкілетті ұйымдар жүзеге асыратын сынақтарды ұйымдастыру және жүргізу;

5) бағалы металдар – алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар ( палладий, иридий, родий, рутений және осмий);

6) бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар (бұдан әрі – бұйымдар) – бағалы металдардан жасалған монеталарды қоспағанда, асыл тастардан және табиғи немесе жасанды жолмен алынған басқа да материалдардан жасалған көздері бар не онсыз, әртүрлі көркемдік өңдеу түрлерін пайдалана отырып, асыл тастардан, бағалы металдардан және олардың қорытпаларынан жасалған, әртүрлі әшекейлер, тұрмыстық кәдеге жарататын заттар ретінде және (немесе) діни әрі декоративтік мақсаттарда қолданылатын бұйымдар;

7) бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары – пайдалануға келмейтін, пайдалану құндылығын жоғалтқан немесе жоюға жататын бұйымдар және (немесе) олардың бағалы металы бар құрамдас бөліктері, сондай-ақ жөнделмейтін ақауды қоса алғанда бағалы металдарды шығару мақсатында кейіннен өңдеу үшін пайдаланылатын техникалық және тұрмыстық мақсаттағы өнімді өндіру және пайдалану кезінде пайда болған құрамында бағалы металы бар материалдардың, металлургиялық өндірістің аралық өнімдерінің қалдықтары;

8) жергілікті атқарушы органдар – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары;

9) зергерлік қосымшалар – зергерлік өндірісте пайдаланылатын, зергерлік бұйымдарға айналдырылған табиғи, синтетикалық тастар мен тас секілді заттар, сондай-ақ зергерлік бұйымдарға қойылған бағалы емес металдар;

10) зергерлік тастар – зергерлік өндірісте пайдаланылатын асыл және зергерлік-қолдан жасалған тастар;

11) комиссия – "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына (бұдан әрі – № 833 Қағида) сәйкес уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен құрылған комиссия;

11-1) комиссиялық тапсырма – мемлекеттік сатып алу туралы шарттың ( комиссияның) ажырамас бөлігі, онда құндылықтар мен олардың алғашқы бағасы, сондай-ақ сауда ұйымы комиссиялық тапсырманың орындалуын қаржылық қамтамасыз ету ретінде сатушының шотына енгізетін сома көрсетіледі;

12) құндылықтар – бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар;

13) құндылықтарды алған (берген) орган (тұлға) – Заңның 210-бабында көзделген негіздемелер бойынша құндылықтарды беретін мемлекеттік кірістер органдары, тұлғалар;

14) құндылықтар бар жөнелтілім – осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген талаптарға сәйкес жіберуші "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығына (филиал) (бұдан әрі – Орталық) жіберетін пломбаланған (мөр басылған), қапталған құндылықтар және оларға ілеспе құжаттар;

15) құндылықтар бар орын – бір ыдысқа (қап, қорап, жәшік және т.б.) тізімдемесімен (құнды металдардың сынықтарына жасалмайды) қоса қапталған, Орталық комиссия пломбалаған және құндылықтың атауы (есебі), саны (бұйымдардың) , жалпы, лигатуралық және химиялық таза массасы (оларды есептеу мүмкін болғанда), бағасын кеміткендегі массасы (болған жағдайда), сынамасы (құнды металдың құрамының), актінің нөмірі мен күні, сарапшы мен бақылаушының тегі, аты және әкесінің аты көрсетілген жапсырма қағазы бар бір немесе бірнеше салымдар;

16) құндылықтарды соңғы қабылдау және сұрыптау – құндылықтардың санын, массасын (жалпы, лигатуралық және химиялық таза (оларды есептеу мүмкін болғанда), сынамасын (қорытпадағы бағалы металдардың массалық үлесі) анықтау, зергерлік қоспалардың (болған жағдайда) массасын жіктеу және анықтау, оларды құндылықтардың бекітілген түрлері және бағалы металдардың сынамалары бойынша құндылықтарды сұрыптай отырып жіберушінің ілеспе құжаттарының мәліметтерімен ( тізімдемемен немесе тізімдеме актісімен) салыстыру;

17) Орталық комиссия – құндылықтар бар жөнелтілімдерді ашуды, қабылдауды және олардың ішіндегі құндылықтарды сұрыптауды жүзеге асыру үшін құрылған сарапшы мен бақылаушыдан тұратын комиссия;

18) салым – атауы, саны (бұйымның), жалпы және лигатуралық массасы, бағасын кеміткендегі (болған жағдайда) және сынамасының массасы (құнды металдардың құрамы) көрсетіле отырып бір бастапқы қаптамаға (қағаз немесе полиэтиленді қалтаға, қағазға) орналастырылған бір бұйым немесе бір текті заттардың (бұйымдардың) топтамасы, құнды металдардың құрамы немесе сынамасы бірдей құнды металдардың бір түрі;

19) сатушы – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – Комитет) және оның аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті атқарушы орган;

20) сатып алушы – өткізу процесінде құндылықтарды сатып алатын жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

21) сауда ұйымдары – сыйақы үшін бір немесе бірнеше мәміле жасау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасымен айқындалған тәртіппен тартылатын және мемлекеттік сатып алу шарты (комиссия)

негізінде құндылықтарды сақтауды және сатуды жүзеге асыратын жеке кәсіпкер немесе мемлекеттік емес заңды тұлға не болмаса олардың бірлестіктері;

22) синтетикалық тастар – физикалық және химиялық қасиеттері бойынша әртүрлі табиғи тастарға сәйкес келетін жасанды кристаллдық тастар;

23) таңбалау – зергерлік және басқа да бұйымдарға сынамалық таңба бедерін салу;

24) тас секілді заттар – табиғи және синтетикалық тастардан қолдан жасалған тастар , сондай-ақ жартылай немесе толықтай адам жасаған өнімдер.Бұл тастар табиғи зергерлік және синтетикалық тастардың түсін және сыртқы түрін бере алады да олардың химиялық және (немесе) физикалық қасиеттерін және (немесе) олардың кристаллдық құрылымын бере алмайды;

25) тізілім веб-порталы (бұдан әрі – тізілім) – Интернет желісінде www.e-qazyna.kz мекенжайы бойынша орналасқан және мүлікті есепке алу және өткізу бойынша электрондық деректер қорына қол жеткізудің бір нүктесін беретін интернет ресурс;

26) уәкілетті орган – Комитет және оның аумақтық бөлімшелері;

27) уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес сараптама жүргізуге аккредиттелген заңды тұлға.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 10.03.2026 № 165 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 2-тарау. Құндылықтарды тасымалдау, қабылдау және сақтау тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Құндылықтарды алып қойған (берген) сот орындаушылары немесе органдар ( тұлғалар) уәкілетті органды немесе жергілікті атқарушы органды құндылықтарды беру күні, орны және уақыты туралы олардың орындалуына дейін кемінде бес жұмыс күні қалғанда № 833 Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып жазбаша хабарлайды.

Құндылықтарды сот атқарушыларынан немесе құндылықтарды алып қоюшы ( беруші) органдардан (тұлғалардан) уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға беру белгіленген күні, уақытта және орында мүлікті тізімдеу, бағалау және ( немесе) қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі – қабылдап алу-беру актісі) бойынша әрбір

затты мұқият сипаттаумен мүліктің атауын, өлшем бірлігін, санын, мүлікті қабылдау кезінде бірлікке үшін алдын ала бағалауын, сомасын көрсете отырып жүзеге асырылады.

Қабылдап алу-беру актісін уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган № 833 Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша онда көрсетілген тараптардың саны бойынша мөлшерде жасалады.

Коммуналдық меншікке иесіз, мұрагерлік, құрамында мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына, олжалар негіздері бойынша айналдырылған (түскен) құндылықтарды жергілікті атқарушы органдар есепке алу күнінен он күнтізбелік күн аспайтын мерзімде Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне оларды кейіннен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (бұдан әрі – Ұлттық Банктің аумақтық филиалы) немесе Орталыққа жөнелту үшін береді.

Аталған құндылықтар Орталыққа құндылықтарды тапсыруды жүзеге асыратын уәкілетті органның шоттарында есепке алынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1. Коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) құндылықтарды Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне бергенге дейін сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Орталыққа немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына бергенге (жібергенге) дейін құндылықтарды сақтау бойынша жұмысты ұйымдастыруды Комитеттің аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері (жергілікті атқарушы органдар) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген банк операциялары мен өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензия негізінде қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар арасынан құндылықтарды сақтау бойынша қызметтерді жеткізушіні таңдауды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Орталыққа немесе Ұлытау (Жезқазған қаласы), Абай (Семей қаласы) облыстарындағы және Алматы (Қонаев қаласы), Түркістан (Түркістан қаласы) облыстарындағы филиалдарын, сондай-ақ Алматы қалалық филиалын қоспағанда, Ұлттық Банктің аумақтық филиалына одан әрі Орталыққа жіберілетін құндылықтарды уәкілетті орган ішкі тігіспен тігілген тығыз матамен қапталып, ағаш жәшікке немесе картон қорапқа (құндылықтардың санатына қарай) буып-түйеді. Бағалы металдардан жасалған монеталарды ішкі тігіспен тігілген тығыз матадан жасалған 2 (екі) қапқа (

бірінің ішіне бірі салынып) буып-түюге рұқсат етіледі. Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (құндылықтар салынған қаптардың ауыздары) ораманы және пломбаны бұзбай ашудың мүмкін еместігін қамтамасыз ететіндей түрде буылуы (тігілуі) және қорғасын пломбамен пломбалануы тиіс. Жөнелтілімдерде (немесе қапқа таңбаларда) бағасы, өлшемдері: ұзындығы, ені, биіктігі сантиметрмен, брутто салмағы, алушының және жіберушінің мекенжайы, құндылықтардың бағалау құны (ілеспе хатта жөнелтілімдегі (қаптағы) құндылықтардың бағалау құны, құндылықтар тізімдемесі актісінің нөміріне сәйкес келетін жөнелтілім нөмірі (екі және одан көп жөнелтілім (қап) жіберген жағдайда) көрсетіледі. Құндылықтар бар бір жөнелтілімнің немесе қаптың ең жоғарғы салмағы 10 (он) килограмнан аспайды. Құндылықтар бар жөнелтілімдерді ( қаптарды) поштамен және қағаз пакеттермен жіберуге жол берілмейді.

Уәкілетті орган құндылықтарды буып-түю кезінде пайдаланылатын уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі басшысының қолымен және елтаңбалық мөрмен куәландырылған пломбалар бедерлерінің үлгілерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары мен Орталыққа ұсынады. Пломбалар бедерлерінің куәландырылған үлгілерін (олар ауыстырылған жағдайда бедерлердің жаңа үлгілері) уәкілетті орган құндылықтар бар жөнелтілімдерді (қаптарды) жібергенге немесе тапсырғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын дейінгі мерзімде ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Құндылықтар бар жөнелтілімдерді (қаптарды) уәкілетті орган өзі дербес немесе арнайы байланыс қызметі арқылы Орталыққа немесе Ұлытау (Жезқазған қаласы), Абай (Семей қаласы) облыстарындағы және Алматы (Қонаев қаласы), Түркістан (Түркістан қаласы) облыстарындағы филиалдарын, сондай-ақ Алматы қалалық филиалын қоспағанда, одан әрі Орталыққа жіберу үшін өзі дербес Ұлттық банктің аумақтық филиалына жібереді.

Құндылықтар бар жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталыққа жіберуді Ұлттық банктің аумақтық филиалдары тек оның жүк көтергіштігі, сыйымдылығы және есіктерінің ені шегінде арнайы вагонмен жолай жеткізу мүмкін болғанда ғана жүзеге асырады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) жіберген кезде уәкілетті орган бағалы метал мен тастың санын, массасын, сынамасын, түрін (атауын) және әрбір заттың ерекше белгілерін көрсете отырып, олардың әрқайсысының егжей-тегжейлі сипаттамасы көрсетілген акт тізімдемесін (бұдан әрі – Тізімдеме) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды, оған Комитеттің аумақтық бөлімшесінің басшысы немесе оның орнындағы тұлға қол қояды.

Тізімдемеге құндылықтарды мемлекет иелігіне айналдыруға негіз болатын құжаттардың (сот шешімі, сот сараптамасының актілері, есептен шығару актілері және басқалар) көшірмелері қоса беріледі.

Тізімдеме 2 (екі) данада жасалады, олардың бір данасы уәкілетті органда қалады, екіншісі – құндылықтар салынған жөнелтілімнің (қаптың) ішіне салынады. Орталыққа электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы ілеспе хатпен бірге Microsoft Excel электрондық форматында қосымшасы бар сканерленген Тізімдеме осы Қағиданың 8-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде жіберіледі.

Ілеспе хатта құндылықтар мүліктің қандай түріне жататындығы (тәркіленген, мұрагерлік, иесіз немесе қазына), оның мемлекет меншігіне қандай негіз бойынша өткені, оның кімнің иелігінде болғаны (егер ол белгілі болса), құндылықтарды тәркілеуге арналған құжаттардың (алып қою актілері, сот шешімдері, сот сараптамасы актілері және басқалар) көшірмелерін қоса беріледі. Ілеспе хатта бағалау құнын көрсетуге болады.

Жөнелтілімдегі әрбір құндылыққа жөнелтілімде тізімдемесіндегі реттік нөмірге сәйкес келетін нөмір тіркеледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) уәкілетті орган өкілдерімен Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарының немесе Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларына жөнелтуі уәкілетті органның өкілдерінен Ұлытау, Абай облыстары және Алматы, Түркістан облыстары, сондай-ақ Алматы қаласы үшін Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарының немесе Орталықтың аумағында белгіленген күні мен уақытында жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) уәкілетті орган Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына немесе Орталыққа жіберуден бұрын бес жұмыс күні ішінде Орталыққа Тізімдеме мен ілеспе хатты ұсынады.

Орталық Тізімдеме мен ілеспе хатты алған кезде жіберушіні және Ұлттық банктің аумақтық филиалын құндылықтары бар жөнелтілімдерді тапсыру мүмкіндігі туралы хабардар етеді немесе табылған сәйкессіздіктер туралы жіберушіге хабарлайды, ол аталған сәйкессіздіктерді құндылықтар салынған жөнелтілімдерді тапсырудан бұрын жояды.

Ұлттық банктің аумақтық филиалы уәкілетті органнан құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) одан әрі Орталыққа жөнелту үшін Орталықтың растауын алғаннан кейін ғана қабылдайды.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2018 № 322 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары арқылы уәкілетті органмен Орталыққа жіберілетін (жөнелтілетін) құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) одан әрі Орталыққа жіберу үшін Ұлттық Банктің аумақтық филиалдарының материалдық жауапты тұлғаларына тапсырылады.

10. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) сақтауға алдын-ала қабылдау оны ашпай-ақ сыртқы қабының, байланған жібінің бүтіндігін, пломбасы мен мөрінің сақталғандығын тексеру, осы Қағидалардың 4-тармағымен көзделген тәртіпте ұсынылған нұсқамен пломбылардың таңбаларын салыстыру жолымен жүргізіледі.

Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) арнайы байланыс қызметінен Тізім бойынша Орталық қабылдайды.

11. Орталыққа Алматы қаласындағы уәкілетті органның өкілдерінен арнайы байланыс қызметінен келіп түскен, сондай-ақ Ұлттық Банктің аумақтық филиалдары арқылы жолданатын құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын-ала қабылдау Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларымен жүзеге асырылады.

12. Құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) уәкілетті орган өкілдерімен тікелей Орталыққа немесе Орталыққа жолдау үшін Ұлттық банктің аумақтық филиалдарына тапсырылған жағдайларда уәкілетті орган өкілдері Ұлттық банктің аумақтық филиалдарына немесе Орталыққа олардың тапсырылуына кем дегенде бес күн бұрын мерзімде жазбаша хабарлама жолдайды, онда құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) тапсыратын өкілдің тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері және құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) тапсыру күні көрсетіледі.

Осы Қағидалардың 4-тармағымен көзделген тәртіпті бұза отырып рәсімделген, алдын ала жазбаша хабарламасыз жеткізілген құндылықтар салынған жөнелтілімдер ( қаптар), сондай-ақ салымға қол жеткізу мүмкіндігін болдыратын сыртқы қабы, байланған жібі және пломбасы бүтіндігінің бұзылуы, пломбылар таңбаларының сәйкессіздігі анықталған құндылықтар салынған жөнелтілімдер (қаптар) аумақтық филиалдармен және Орталықпен (жөнелтілімдерді тікелей Орталыққа тапсырған кезде) қабылданбайды.

12-1. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталыққа немесе Ұлттық Банктің аумақтық филиалына беруді (жіберуді) Комитеттің аумақтық бөлімшелері қабылдап алу-беру актісі бойынша сот орындаушыларынан немесе құндылықтарды алып қойған (беретін) органдардан (тұлғалардан) не жергілікті атқарушы органдардан құндылықтарды есепке қабылдаған күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Орталықта құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын-ала қабылдау нәтижелері осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (2) екі данада жасалған құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдау актісінде көрсетіледі. Алдын ала құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ( қаптарды) қабылдау актісінің бірінші данасы Орталықта қалады, екінші данасы құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) қабылдауды растау үшін уәкілетті органға 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолданады. Арнайы байланыс қызметінен келіп түскен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Тізілім бойынша қабылдаған кезде алдын ала құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) қабылдау актісінде тізілімнің нөмірі мен күні көрсетіледі, сонымен бірге тізілім ( тізілімнің көшірмесі) алдын ала қабылдау актісіне тіркеледі.

Уәкілетті органға құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдаудың актісіне ілеспе хатта құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) ашу күні көрсетіледі. Күнін көрсету мүмкін болмаған жағдайда Орталық құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) ашу күнін көрсетумен ашу бастау күніне дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын қосымша хат жолдайды. Уәкілетті органның өкілі келген кезде қойманың материалдық жауапты тұлғалары/Орталық комиссиясы оның қатысуымен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) ашады және әрбір заттың бар-болуын, оның массасын, санын және заттың сипаттамасын ілеспе құжаттардың ( тізімдеменің) мәліметтерімен сәйкестендіреді. Сонымен бірге уәкілетті органның өкілі Орталық комиссиясымен бірлесіп әрбір затты сынықтар мен алтын қалдықтарына немесе өткізуге жататын құндылықтарға жатқызуды жүзеге асырады. Алтын сынықтары мен қалдықтарын және өткізу үшін құндылықтарды бөлек буып-түйеді және оларды қойманың материалдық жауапты тұлғалары/Орталық комиссиясы, сондай-ақ уәкілетті органның өкілі пломбалайды. Жөнелтілімді ашу нәтижелері бойынша осы Қағидаларды 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актісі жасалады.

Құндылықтар санының жетіспеуі, артық болуы, масса, заттың атауы бойынша сәйкессіздіктер анықталған жағдайда құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актісінде жазба жүргізіледі және тізімдеменің көшірмесіне жазылады.

Көрсетілген күні уәкілетті органның өкілі келмеген жағдайда, Орталық келу күні келісілгенге дейін жөнелтілімді ашуды жүзеге асырмайды.

Құндылықтар салынған жөнелтілімді (қаптарды) уәкілетті органнан одан әрі Орталыққа жолдау үшін қабылдау кезінде "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 28

қыркүйектегі № 120 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21299 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен кассалық операциялар жүргізу қағидаларында белгіленген нысан бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы түбіртек береді.

Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдаудың актісін алғаннан кейін уәкілетті орган құндылықтарды қабылдаған Ұлттық банктің аумақтық филиалына құндылықтарды тапсыру түбіртегін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Орталықтың инкассалық қызметімен жеткізілген құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) Орталықтың материалдық-жауапты тұлғалары алдын ала қабылдау кезінде қаптың, байланған жіптің және пломбының бүтіндігі, пломбы оттискілерінің үлгіге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, құндылықтар салынған жөнелтілім (қап) жауапты сақтауға қойылып, еркін нысандағы жауапты сақтауға қабылдау актісі ресімделеді/

Аталған факті бойынша Орталық құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ( қаптарды) жеткізілген күннен бастап (3) үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қабы бүлінген жөнелтілімнің ішінде құндылықтардың бар екенін комиссиялық тексеру кезінде оның өкілінің қатысу қажеттілігі туралы жазбаша ескерту хатын жолдайды.

Өкіл келген соң қойманың материалдық-жауапты тұлғалары/Орталық комиссиясы уәкілетті орган өкілінің қатысуымен құндылықтары бар жөнелтілімді (қапты) ашады және әрбір заттың бар-болуын, оның массасын, санын және заттың сипаттамасын ілеспе құжаттардың деректерімен (тізімдемемен) салыстырып тексереді. Жөнелтілімді ашу нәтижелері бойынша құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актісі жасалады.

Құндылықтар саны немесе олардың тізімдеме деректерінен асып кетуі сәйкес келген кезде құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды) алдын ала қабылдаудың актісі және құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актісі ресімделеді.

Құндылықтар санының жетіспеуі анықталған жағдайда жөнелтілім (қап) қайта жауапты сақтауға еркін нысанда акті жасау арқылы қойылады, ол туралы кінәлі адамдарды анықтау және шығындарды (залалды) өндіріп алу жөніндегі тиісті шаралар қабылдағанға дейін ашу актісінде жазба жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Ұлттық банктің аумақтық филиалдарының және Орталықтың ғимаратына/ аумағына құндылықтар салынған жөнелтілімді (қапты) әкелерде (кіргізерде) радиоактивтілікке бақылау өлшеу жүргізіледі. Радиациялық сәуле шығарғыштығы " Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығымен белгіленген (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып тіркелген) нормативтерден жоғары жөнелтілімдер Ұлттық банктің аумақтық филиалдарының және Орталықтың ғимаратына/аумағына әкелуге (кіргізуге) жатпайды және тез арада қайтарылуы тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Құндылықтары бар бір жөнелтілім 2 (екі) мың данадан аспайтын заттардан ( тізімдемеге сәйкес) тұрады.

Жөнелтілімдерді ашқаннан кейін Орталық комиссиясы сынамалар мен құндылықтардың түрлері бойынша сынықтар мен алтын қалдықтары түріндегі құндылықтарды түпкілікті қабылдауды және сұрыптауды жүргізеді.

Соңғы қабылдау мен сұрыптау үшін Орталықтың комиссиясына жөнелтілімді ( қапты) беру осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген жөнелтілімді қоспағанда, жөнелтілімдердің түсу кезектілігі тәртібінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау нәтижелері осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес ресімделген қабылдау және сұрыптау актісінде көрсетіледі және түпкілікті болып табылады. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актісінде ілеспе хатта көрсетілген және Орталықта бағалы металдардың салмағы мен сынамасын анықтау, зергерлік қоспаларды жіктеу және салмағын анықтау нәтижесінде алынған әрбір қосымшаның мәліметтері жазылады.

Массасы өзгеруге бейім құндылықтар (құндылықтар ағашпен, гипспен, конифольмен, былғары белдіктерімен, матамен, маржанмен, інжумен және басқа гигроскопиялық материалдармен, сап бағалы металдармен жасалған) және уақыт өте келе қалай көбейсе, солай азаюы мүмкін бұйымдар жалпы салмағы бойынша ғана есептеледі. Осындай құндылықтарды сап бағалы металдар мен гигроскопиялық материалдармен құндылықтарға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес форма бойынша салмақтың өзгергені көрсетіліп карточкалармен сәйкес есепке алу жүзеге асырылады, олар құндылықтары бар орынға бұйымдармен бірге салынады. Салмақтың барлық өзгерістері мүмкін болып табылады және қабылдау және сұрыптау актілерінде, құндылықтарды біріктіру актілерінде, ашу және құндылықтарды соңғы өлшеу актілерінде салмақтың өзгеру себебін көрсету арқылы өлшенген мезгілдегі нақты жалпы салмақ көрсетіледі.

Химиялық таза массаны анықтау мүмкін емес құндылықтар жалпы масса бойынша ескеріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Құндылықтарды қабылдау кезінде олардың салмағы мен сапасы оларды ластан және басқа да заттардан тазартқаннан кейін анықталады. Тазарту бұйымға зақым келтірілмей жүргізіледі.

19. Комиссия құндылықтарды қабылдау кезінде жіберушінің ілеспе құжаттарындағы деректерден құндылықтардың саны, бағалы металдың немесе асыл тастардың түрі, бағалы металдың сынамасы (бір бірліктен асып кетсе) мен бұйымның салмағы (құнды металдар бойынша 0,5 грамнан, асыл тастар бойынша 0,05 караттан көп) бойынша айырмашылықтары барлығы, сондай-ақ жіберушінің ілеспе құжаттарды рәсімдеуінде кемшіліктердің орын алғандығы туралы жіберушіге және Комитетке тиісті шаралар қабылдау үшін қабылдап алу және сұрыптау актісімен бірге анықталған айырмашылықтарды көрсете отырып наразылық құндылықтарды соңғы қабылдау үдерісі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жолданады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2018 № 322 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Бағалы металдардың салмағы мен сынамасын анықтау, түрлі құнды металдардың бөлінбейтін бөліктерінен тұратын, түрі бір сынамасы әртүрлі зергерлік қоспаларды, сонымен қатар күрделі бұйымдарды жіктеу және салмағын анықтау, бағалы металдардың түрі мен сынамасы бойынша сұрыптау бойынша барлық рәсімдер Орталықтың актісіне сәйкес жүзеге асырылады. Орталық бұйымдардағы өндіруші клеймосының/маркасының түпнұсқалылығын анықтамайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2018 № 322 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес алтын сынықтарға жатқызылған құндылықтар жақын маңдағы төменгі сынамалар бойынша тиісті бағалы металдың алтын сынықтары ретінде есепке алынады (ҚР СТ 967-2018-Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар. Техникалық шарттар.).

Бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары (құрамында алтын бар сынықтар мен қалдықтарды қоспағанда) және құндылықтарды қабылдау және сұрыптау нәтижесінде пайда болған қалдықтар (желім, сынықтары бар тастар, жіптер және басқалар) осы Қағидалардың 26-1-тармағына сәйкес уәкілетті органға қайтарылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Құндылықтарды қабылдау және сұрыптау кезінде бағалы металдардың тиісті түрлерінің "сынық" түріне сынықка жатқызылу себептерін көрсете отырып, мынадай құндылықтар жатады:

тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығы жоқ, бүлінген, өзгерген, жинақталмаған бұйымдар;

бағалы металдардан жасалған толық салмағы жоқ бүлінген монеталар;

бағалы металдардың сыртқы түрі, таңбалануы, массасы және құрамы бойынша ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін бағалы металдардың құймалары.

Бұйымдардың тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылығын айқындауды құндылықтар есепте тұрған уәкілетті орган Қазақстан Республикасының "Мәдениет туралы" және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" заңдарына сәйкес қамтамасыз етеді.

Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылықтарға жатқызылған құндылықтар тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік мұражайға өтеусіз берілуі мүмкін.

Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылықтарға жатқызылған және мемлекеттік мұражайларға талап етілмейтін құндылықтар осы Қағидалардың 43-2 тармағында белгіленген тәртіппен өткізіледі.

Алтын сынықка жатқызылған құндықтарға ендірме қойылады, бұйымдар иесіздендіріп құнды металдардың түрлері және сынамалары бойынша біріктіріледі.

Сынықтар сыныгы жеке қосымшаларға 15 (он бес) килограмнан аспайтын біріктіріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Соңғы қабылданып және бағалы металдар мен зергерлік қоспалардың түрлері, сынамасы бойынша сұрыпталған құндылықтар матадан жасалған қаптарға (орындарға) қабылдап алу және сұрыптау актісіне сәйкес қапталады, ол Орталық комиссия мүшелерімен пломбыланады. Қапталған және пломбыланған орындарды Орталық комиссиясымен Орталықтың өкімімен қоймаға қойылады.

24. Құрылыстық қалдық түріндегі құндылықтар (жаңқа, ұнтақ, құнды металдардың ұсақ бөліктерінің көп мөлшері), сонымен қатар түйіршік, құм және катодты алтындар бағалы металдардың құрамын анықтау үшін сынақтан өткізіледі. Сынақ жүргізу кезіндегі сынақ қорытындылары соңғы болып есептеледі. Құндылықтарды, таңдап алынған және сараптамадан өткен үлгімен қоса қаптап, құндылықтардың тиісті түріне жатқызылады. Осы Қағидалардың 2-тармағының 14) тармақшасымен бекітілген талаптарға сәйкес қапталған құндылықтар да сынақтан кейін Орталық өкімімен қайтадан қоймаға қойылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2018 № 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Барлық құндылықтар оларды қабылдап, өңдеп, сұрыптап және құндылықтардың белгілі бір түріне жатқызылғаннан кейін (құндылықтардың түрі мен сынамасына, зергерлік қоспалардың бар болуы мен түрі бойынша) біріктіру кезеңінен өтеді. Біріктіру түрі және сынамасы бір құндылықтар бар жеке орындардың жинақталуы бойынша Орталық өкімімен жүзеге асырылады. Құндылықтарды біріктіру нәтижесі осы Қағидалардың 6-қосымшағына сәйкес формада жасалған актіде көрсетіледі, оған құндылықтардың түрі және сынамасы жөніндегі тізімдеме қоса тіркеледі. Зергерлік сынамалы бағалы металдардың сынығының тізімдемесі жасалмайды.

Құндылықтарды біріктіру кезінде олардың салмағы, саны, металдың түрі мен сынамасы, зергерлік қоспалардың сипаттамасы қайта тексеріледі, сонымен қатар, құндылықтардың белгіленген түріне жатқызылуы анықталады, қажет болған жағдайда бір түрінен екіншісіне ауыстырылады.

Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Құндылықтар салынған жөнелтілімдерді (қаптарды), құндылықтар салынған орынды сақтау буып-түйілген, пломбаланған күйде Орталықтың немесе Ұлттық банктің аумақтық филиалының қоймасында орналасқан сөрелерде, шкафтарда, сейфтерде, арбаларда жүзеге асырылады.

Орталықтың немесе Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларының Комиссиясы құрған және буып-түйген құндылықтар салынған орындардың жапсырмаларында актінің (құндылықтар салынған жөнелтілімдерді ашу және бөлу, ашу және соңғы өлшеу, қабылдап алу және сұрыптау, біріктіру) нөмірі мен уақыты, Орталықтың немесе Орталықтың материалдық жауапты тұлғаларының Комиссия мүшелерінің тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

26-1. Орталық жыл сайын, ағымдағы жылдың 1 (бірінші) шілдесінен кешіктірмей уәкілетті органға сатуға жататын құндылықтарды алу қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті орган сауда ұйымы болған кезде Орталықтан хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде бағалау және өткізу жүргізу үшін құндылықтар алуды қамтамасыз етеді.

Сауда ұйымы болмаған жағдайда бағалау және өткізу үшін Орталықтан құндылықтар алу мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия) күшіне енген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Құндылықтарды есепке алу және бағалау

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Құндылықтарды бағалау уәкілетті орган құндылықтары салынған жөнелтілімдерді ашу актісін алғаннан кейін жүргізіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Республикалық меншікке айналдырылған құндылықтарды бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды уәкілетті орган жүргізеді.

Коммуналдық меншікке айналдырылған құндылықтарды бағалау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

Құндылықтарды бағалау қызметі бойынша өнім берушіні таңдау мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

Бұл ретте тиісті қаржы жылында сатушының алдында құндылықтарды сақтау және өткізу бойынша сауда ұйымы көрсететін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша міндеттемелері бар әлеуетті өнім берушімен (әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасымен) сол құндылықтарды бағалау бойынша көрсететін қызметтерге мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасасуға жол берілмейді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 10.03.2026 № 165 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Орталықтағы құндылықтарды беру мына жағдайларда жүргізіледі:

1) бағалауды жүргізу және құндылықтарды сату үшін уәкілетті органға беру;

2) соттың шешімі бойынша одан әрі иесіне қайтару үшін уәкілетті органға беру.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 28.02.2018 № 322 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Уәкілетті орган құндылықтарды алуға болжанған уақыттан бес жұмыс күні бұрын Орталыққа өкіл(дер)дің тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болған жағдайда), олардың жеке басын куәландыратын құжаттардың реквизиттерін, сенімгерліктің нөмірлері мен күндері, сондай-ақ алу мерзімін көрсетіп жазбаша хабарлама жолдайды.

Орталық үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органды оның жазбаша хабарламаны алғандығын ескертеді.

31. Орталықпен берілген иесіз, мұрагерлік, құрамында мәдени құндылықтарға жататын заттары жоқ қазына, олжалар негіздері бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) құндылықтарды Комитеттің аумақтық бөлімшелері беру күнінен он күнтізбелік күн аспайтын мерзімде жергілікті атқарушы органдарға оларды өткізу, сот шешімі немесе бағалау бойынша иесіне қайтару үшін береді.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Орталықтан құндылықтарды беруге уәкілетті тұлғалармен қол қойылған және мөрмен расталған уәкілетті органның тиісті жазбаша шешімі негіз болады.

Орталықтың құндылықтарды рұқсат етілмеген жағдайда беруіне жол бермеу мақсатында уәкілетті орган Орталыққа Комитеттің аумақтық бөлімшесінің құндылықтарды беру шешіміне қол қою құқығы бар лауазымды тұлғаларының қолдары мен уәкілетті орган мөрі оттискісінің нотариалды куәландырылған үлгілерін жолдайды.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Уәкілетті органға Орталықтан құндылықтарды беру ағымдағы күнтізбелік айдың соңғы күні және желтоқсанның 25-31 аралығында берілмейді. 25-желтоқсаннан кейін құндылықтарды беру тоқтатылады және шығарылған өкім бойынша құндылықтар алынбағандықтан олардың күші жойылып, Орталық оны жояды. Уәкілетті органның хаты мен сенімхаты да өз күшін жояды.

Орталықтың қоймасынан құндылықтарды беру осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес құндылықтарды беру актімен ресімделеді.

34. Қапталған орындағы құндылықтардың бір бөлігін ғана беру қажет болған жағдайда Орталық директоры немесе оның орнындағы тұлғаның өкімімен Орталық комиссиясы осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған құндылықтарды ашу және бөлу актісі толтырыла отырып, құндылықтарды ашу және бөлуді жүзеге асырады.

Ашу және бөлу кезінде құндылықтарды бақылау өлшеуі, олардың сапасы мен зергерлік бұйымның сипаттамасы тексеріледі, сонымен қатар олардың құндылықтардың белгілі түрлеріне жатқызылғанын анықтау жүргізеді.

35. Құндылықтар мемлекеттің меншігіне келіп түскен актіні сот бұзған жағдайда ( тиісті бөлігін өзгерткенде) уәкілетті органға сол күйінде қайтарады. Сот актісі (бұзу туралы) Орталыққа түскенге дейін құндылықтар заңда белгіленген тәртіппен өткізіліп кеткен болса, онда өткізуден түскен қаржының шегіндегі оның құны иесіне қайтарылады.

Егер өткізілген құндылықтар бағалы металдардың сынығына жатқызылған болса, онда уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша иесіне бағалы металдардың химиялық таза салмағының құнын соттың қайтару туралы шешім қабылдаған күнгі бағалы металдар нарығының Лондондық ассоциациясының таңғы фиксингі (құнды металдарға ақпараттық-анықтамалық баға) және Қазақстан қор биржасының таңғы (негізгі) сессиясында орын алған теңгенің АҚШ долларына орташа есептелген биржалық курсының көбейтіндісінен есептелген, ақша қаражаты төленеді.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган өткізген құндылықтардың немесе сынықка жатқызылған құндылықтардың құнын қайтару тиісті бюджеттің немесе Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 09.02.2023 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.06.2025 № 303 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Құндылықтарды есепке алуды уәкілетті орган жүзеге асырады.

37. Құндылықтарды біріктіру, бөлу немесе Орталықта бақылау өлшеуі кезінде құндылықтардың салмағы мен сынамасының өзгерген жағдайда ол туралы актіде көрсетіледі, соның негізінде айырмашылықтарды есептен шығару немесе кірістеу жүргізіледі. Соған қарамастан айырмашылықтарды есептен шығару және есепке алу рұқсат етілгеннен аспайтыны Орталық комиссиясы шешімімен, ал рұқсат етілгеннен асып кеткені уәкілетті органның келісімі бойынша есептен шығаруға немесе есепке алуға жатқызылады.

38. Құндылықтар салынған жөнелтілімді есепке алуды уәкілетті орган құндылықтар салынған жөнелтілімді алдын ала қабылдау актілерінің негізінде жүргізеді. Бағалау құны, жіберушінің атауы мен алдын ала қабылдау актінің деректемелері (деректер болған жағдайда) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда жеткізушілерден келіп түскен құндылықтар салынған жөнелтілімдерді тіркеу журналында тіркеледі.

Құндылықтарды біріктіру, бөлу немесе бақылау өлшеуі кезіндегі оның салмағы өзгерген жағдайда масса бойынша туындаған айырмашылықты есепке алуды уәкілетті орган тиісті актілердің негізінде жүргізіледі.

39. Құндылықтарды талдаулық есепке алу Орталықпен бекітілген құндылықтар түрлерінің тізіміне сәйкес осы Қағиадаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құндылықтардың түрлері мен сынамалары бойынша құндылықтарды республикалық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) сандық-сомалық есепке алу кітабында тиісті есепке алу бірліктерімен жүзеге асырылады. Құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабына жазу белгіленген тәртіппен рәсімделген қабылдау және сұрыптау актілері, біріктіру актілері және басқа құжаттар

негізінде жүзеге асырылады. Құндылықтардың келіп түсуі және кетуі жөніндегі операцияларды құндылықтарды сандық-сомалық есепке алу кітабына жазу қалған қалдықты шығара отырып әрбір қабылдаудан және жіберілгеннен кейін жүргізілуі тиіс.

39-1. Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес құндылықтарды тіркеуге қабылдаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталына құндылықтар туралы мәліметтерді: атауы, түрі , үлгі, масса, саны енгізуді қамтамасыз етеді.

Уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар құндылықтар салынған жөнелтілімді ашу актілері, құндылықтарды қабылдау және сұрыптау актілерінің, біріктіру актілерінің негізінде оларды Орталықтан алу күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тізілім веб-порталындағы құндылықтар туралы мәліметтерді түзетуді жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тарау 39-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Құндылықтарды түгендеуді Комитет кемінде жылына бір рет Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің келісімімен жүргізеді. Құндылықтар салынып қапталған орындарды бақылау өлшеуі кезінде осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес Ашу және бақылау өлшеуі актісімен рәсімделеді.

Құндылықтарға соңғы өлшеу жүргізгенде олардың сапасын, зергерлік қойылымдардың сипаттамасын тексеруге, сондай-ақ, оларды белгіленген құндылықтардың түріне жатқызуды анықтауға рұқсат етіледі.

Орталықта құндылықтарды рәсімдеу нәтижелері екі данада түгендеу актімен рәсімделеді. Ашу және бақылау өлшеуі актілері түгендеу актісіне қоса беріледі.

Осы Қағидаларға 11 қосымшаға сәйкес құндылықтарды ашу және бақылау салмақтау актісін ресімдей отырып және алдыңғы жапсырманы міндетті түрде сақтай отырып Орталыққа өзінің ішкі қағидаларына сәйкес құндылықтары бар орындарға дербес тексеру жүргізуге жол беріледі.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 30.04.2025 № 212 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-тарау. Құндылықтарды өткізу тәртібі**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 27.12.2019 № 1430 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Орталықтың өткізу және объектішілік режимі бойынша талаптар сақталған жағдайда Орталықтан құндылықтарды беру сатушының өкілдеріне сауда ұйымы өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Орталық құндылықтарды бергеннен кейін оларды сақтауды және өткізуді сауда ұйымы мемлекеттік сатып алу туралы шарттың (комиссияның) негізінде қамтамасыз етеді.

Құндылықтарды қабылдағаннан кейін сауда ұйымы құндылықтарды өткізу нүктесіне дейін қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Сақтауға берілген құндылықтар сатуға дейін бағалануы тиіс. Құндылықтарға бағалауды жүргізу кезінде сауда ұйымы бағалаушының кіруін қамтамасыз етеді. Оларға бағалауды жүргізу үшін бағалаушының құндылықтарды ашуы және қарауы уәкілетті орган және сауда ұйымдары өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалауды жүргізу үшін құндылықтарды ашу актісі жасалады.

Белгілі сауда маркаларына (брендтеріне) жататын құндылықтарды және мемлекеттік мұражайлар талап етпейтін тарихи, ғылыми, көркемдік немесе мәдени құндылықтарды қоспағанда, сатушы құндылықтарды сауда ұйымына сақтауға және сатуға беру осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдап алу-беру актісіне қол қою арқылы мемлекеттік сатып алу туралы шартқа (комиссияға) сәйкес жүзеге асырылады.

